

ЭОЖ 338.48(574)

Е.Д. Исаков *

Геогр. ғылымд. канд. Қ.Қ. Мұздыбаева *

**ӘЛЕМДІК КЛАСТЕРЛЕРДІҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ МЕН
ТӘЖІРИБЕСІН ТАЛДАУ***ТУРИЗМ, ГЕОГРАФИЯ, КЛАСТЕР, ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКА,
МЕХАНИЗМ, МОДЕЛЬ, ШЕТЕЛ, ТАРИХ, ДАМУ*

Бұл мақалада кластерге бірігуші кәсіпорындардың нарықтық бәсекеге қабілетті болуының және олардың экономикалық – географиялық орнының маңыздылығы қарастырылған.

Әлемдік кластерді қалыптастыру тәжірибесін талдау, негізгі тәсілі мен әдісін ерекшелеу, оның бәсекеге қабілеттілікті арттыруға ықпалын ерекшелеу үшін жүргізілді. Бұл жерде кластерлік саясат негізі экономикалық өсімнің және оның бәсекеге қабілеттілігінің тұрақтылығын қалыптастыруға бағытталған механизмдер мен әдістер жиынтығы ретінде анықталған.

Елдердің экономикасының ғаламдық өзгерістерге ұшырауы кезеңінде кластерлер кеңінен тарай бастады. Олар рыноктық қатынастары дамыған елдердің өнеркәсібінің түрлі салаларында Италия, Германия, АҚШ, Жапония, Ұлыбритания, сонымен қатар, дамушы елдерде, Латын Америкасы, Азия, Пәкістан, Бразилия, Үндістан, Африка мемлекеттерінде пайда болғанын атап кетуге болады [2].

Шағын кәсіпкерлік желісі мен кластерді дамыту бойынша бағдарламаларды өңдеу және енгізуде жеке сектор мен аймақтық үкіметтің өзарақызметін күшейту үшін ұсыныстар жиынтығы жасалды. Осы уақыт ағымында ұйыммен түрлі дамушы елдердегі: Үндістан, Индонезия, Малайзия, Мексика, Никарагуа, Гондурас, Ямайка, Боливия, Мадагаскар, Мароккода кәсіпорын кластерлерінің қызметінің тиімділігі, техникалық ынтымақтастығы, оларды қалыптастыру әдістері зерттелінді.

Экономикалық теорияда кластерлерді зерттеу 70-80 жылдардағы экономикалық әдебиетте «Үшінші Италия» деген атаумен мәлім,

* Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педогогикалық Университеті, к. Алматы

Италияның солтүстік–шығысында тиімді аймақтық экономикалық дамуының феноменіне негізделеді. 70 жылдардың соңында Италияның бай солтүстік-батысы (бірінші Италия) мен оңтүстігі (екінші Италия) экономикалық дағдарысты бастан кешірсе, елдің солтүстік–шығыс және орталық бөліктерінде жоғары экономикалық өсу байқалып, бұл жағдай экономистердің назарын аударды.

Нақты территорияда шоғырланған шағын кәсіпорындар жергілікті және экспортты рынокты дамытуға, үдемелі өсуге, сонымен қатар, халықты жұмыспен қамтуға қабілетті екенін көрсетті. Секторларда еңбекпен қамту ауыл шарушылығымен байланысты болмаса да, үшінші Италия ерекше өсуге ие болып және елдің басқа бөліктерімен салыстырғанда, қосымша құн тез жоғарылады. 1960 жылы басқа аймақтарға қарағанда миграциялық айырбаста халық санын маңызды көлемде кемітіп алған бұл аймақ, 1970 жылы халық үшін тартымды ауданға айналды.

Үшінші Италияның тез дамуы, әсіресе шағын және орта кәсіпорындарға негізделген салалардың тез өсуі, нақты секторлар мен жергілікті орындарда фирмалардың шоғырлануымен байланысты. Фирма «бұтақтары» (clusters) дәстүрлі тауарлар бойынша аяқ киім, былғары сөмкелер, тоқылған бұйымдар, жиһаз, қыш тақтайшалары, музыкалық аспаптар, тамақ өнімдері, сонымен бірге, осы тауарлар өндірісі үшін құрал-жабдықтармен жабдықтаушы салаларда әлемдік рынокта мықты позицияларды жаулап алуға қабілетті екенін көрсетті. Бұл кезде Германия және Ұлыбританияның ірі кәсіпорындары құлдырау кезеңінде болса, «үшінші Италияның» шағын және орта кәсіпкерлік кластерлері өндіріс пен экспортты ұлғайта алған [3].

Италияда кластерлердің дамуы мемлекет рөліне басым негізделеді: яғни көмек ретінде басқаруды жүзеге асыруы, экспортқа жеңілдіктер мен кепілдемелер беруі, инвесторларды тарту мен қолдау, консалтингтік қызметтер көрсету шаралары дәлел.

Ұзақ жылдар бойы Бүкіләлемдік экономикалық форум (World Economic Forum – WEF) сарапшыларының шешімі бойынша бәсекеге қабілетті көшбасшы ел болып, АҚШ, Жапония, Ұлыбритания сияқты мемлекеттерді және басқа әлемнің 102 мемлекетін басып озған Финляндия саналды. Фин экономикасының негізгі динамикалық дамуы кластерлермен тікелей байланысты екені көптеген ғалымдардың еңбектерімен дәлелденген.

Кластерлік талдау шеңберінде Финляндия экономикалық саясатты қайта құрумен кешігіп, ол тек 1995 жылы жасалды, дегенмен, фин экономикасы институты жүзеге асыратын «Финляндия артықшылықтары» жоба шегінде ұлттық өнеркәсіптің және басқару шешімдерін ақпараттық қамсыздандырудың келешек мүмкіндіктері анықталды. Сауда және өнеркәсіп Министрлігі директивалар дайындап, оның негізінде Ұлттық өнеркәсіптік стратегия өңделіп, бекітілді, оның көмегімен кластерлік дамуға бағытталған өнеркәсіптік және технологиялық бәсекелік саясатты макроэкономикалық реттеуге өту мүмкіндігін алды.

Қуатты кластер 120 өндірісті біріктіретін, Nokia компаниясының маңында топтастырылатын, телекоммуникациялық құрал-жабдық өндірушісі. Қазір бұл компания Финляндияның алдағы ғылыми – техникалық жетістіктердің алпауыттар қатарына шыққан. Елде ғылыми-зерттеу жұмысына мемлекеттік қаржыландыру көлемі онсызда ең жоғарғысы – 3,6 пайыз ЖІӨ-нен, ал Nokia үлесіне барлық бизнес-инвестицияның бұл сферада 35 пайызы келеді және кәсіпорындар үшін тартымды шеңбер пайда болды: білімнің жоғарғы деңгейі сұранысты және ақпараттық технология өніміне ұсыныс, сонымен бірге сауаттылық деңгейін одан да жоғарылатуға жәрдемдеседі [4].

Өте мықты фин кластерінің тууы сәйкес табиғи ресурстардың бар болуымен байланысты, мысалы: ағаш, балық және т.б. Финляндияда қоршаған ортаны қорғау туралы кластер, жергілікті өндіріс саласын өңдеушілердің ластауының нәтижесінде құрылды.

Финляндияда қолданылатын кластерлер, фин экономикасын зерттеу институтының мамандарының пікірі бойынша (ЭТЛА) фин экономикасының тоғыз (орман, ақпараттық және телекоммуникациялық, металлургиялық, энергетикалық, бизнес-қызмет, денсаулық сақтау, машина жасау, тамақ, құрылыс) саласы үшін маңызды болып табылады, экспорт көлемінің негізін құрайды және елдің ЖІӨ-нің маңызды бөлігін қалыптастырады.

Еуропада, ЕО шеңберінде кластерлік саясат 1968 жылдан бастап жетілдірілді. Бұл моделдің негізі болып, шикізатты алудан бастап, оны өңдеу және жүзеге асыруда көп жағдайда сәтті өндірістік аймақтарды дамыту болып табылады. Дания үкіметінің ұсынысы бойынша 1988 жылдан 1993 жыл аралығы кезеңінде Даттық желілік бағдарлама іске асырылды. Бұл бағдарламаның өңделуіне себеп ғаламдық масштабта шағын және орта бизнес секторларының бәсекеге қабілетсіздігінен

туындады. Желіні құру мақсаты, бәсекеге қабілеттілікті жоғарылатуға бағытталған, бизнестің жаңа бағыттарын анықтау, агенттер мен дистрибьюторларды жаңа рыноктарға енгізу, жеке фирмалардың қуатты тұстарын пайдалана отырып, жаңа өнімдерді рынокқа шығару мен өндеуде көрінеді. Данияда кластеризациялау жолындағы негізгі проблемалардың бірі фирма аралық кооперацияның даттық іскерлік мәдениетке сай болмауы. Дегенмен, бағдарлама тиімді жүзеге асырылды: бес жыл ішінде бағдарлама кең көлемді масштабты иеленіп, 10...12 мың кәсіпорындық мақсатты топтан бес мыңы желіні қалыптастыру құрамына енді, бағдарламаның жоғары деңгейі даттық іскерлік мәдениетінің бөлігі ретінде кәсіпорындар желісін құруға ықпал етті. Желінің құрылуы бизнес проблемасын шешудің бірден-бір жолы екендігі дәлелденді, маркетингтік зерттеулер нәтижесінде сауалнама жүргізілген кәсіпорындардың 75 % -ы желіге қатысуы, олардың бәсекеге түсу қабілетін жоғарылатқанын, респонденттердің 90 %-ы бағдарламаны субсидиялау мерзімі аяқталғаннан кейінде желіде өз қызметін жалғастыруды көздеп отырғандығын білдірді, бағдарлама басқа еуропалық елдерде өзіне ұқсас бағдарламаларды жасауда үлгі болып, желіні дамыту Испания, Португалия, Франция, Ұлыбритания, Норвегия, АҚШ, Канада, Австралия, және жаңа Зеландия аймақтарына экспортталды.

Даттық бағдарлама үкіметпен қаржыландырылса, Ұлыбританияда шығындар негізінен қатысушы кәсіпорындарымен төленеді. Даттық келістің артықшылығы, қамтудың кеңдігі мен дамытудың жоғары жылдамдығында байқалса, ал британдық келіс – қатысушы кәсіпорындардың жолын ұстауға басымшыл және бағдарламаның өміршеңдігі мен тұрақтылығына қол жеткізуге қабілетті.

Келесі, Германияда аумақтарының дамуына өз қаражаты есебінен дамудың меншік бағдарламаларын жүзеге асыратын және оған сай жер дербестелетін федералдық бөлім ықпал жасайды. Мемлекет бұл бағытта жоғары технологияға негізделген даму жолын ұстанған және өнеркәсіппен ғылыми орталықтардың нығайған консолидациясы жүргізіледі. Үш түрлі кластерді бөліп алуға болады: ғылыми, өз технологияларын өндіріске беруші, инновациялық фирмалар базасында пайда болатын, бәсекелік ортада жұмыс істеуші, зерттеулер мен өндірісті біріктіруші. Өнеркәсіптік кластерлер қаржы ресурстарын федералды және жергілікті көздерден алады. Германияда жоғары технологиялы жеті кластер ішінен үш озат әлемдік кластер құрметті атауға ие болды: «21 ғасырдың

«Силиконды алқабы» бұл Мюнхен, Гамбург, Дрезден. Кластерлік келісті қолданудың негізгі принциптері келесі рыноктық механизмдерге сүйенеді: шағын және орта кәсіпкерлердің мемлекеттік қолдаусыз, дербес жұмыс істей алуға қабілеттілігі, тиімсіз кәсіпорындардың рынокта жұмыс істеуін тоқтатуы, шағын және орта кәсіпкерлікке мемлекет қаржылық көмек көрсету үшін негізгі шарт – несиеге қабілетті болуымен сипатталады.

Франция басқа елдермен салыстырғанда, шаруашылықтың жаңа формасына өтуі күрделі формада жүзеге асырылды, себебі бұл елде 25 % жұмыс күші еңбектенуші және өнімнің 30 %-ы мен экспорттың бір бөлігі өндірілетін мемлекеттік сектор қуатты орталықтандырылған. 1995 жылы территорияны дамыту және құру бағдарламасы қабылданып, аймақты дамытуды басқару бойынша және оны көріктендіру қорының ұйымдары құрылды. 1997...1998 жж. бағдарлама жобасы өңделді, өндірістік кластер жүйесімен біріккен аймақты дамытудың 99 жобасы бекітілді.

Бұл қызметті жүргізу нәтижесінде жүйеге 4,3 мың кәсіпорын енді. 30 ірі компания айналасында біріккен кәсіпорындар шоғырланды. Жобаларды бөлу пропорционалды түрде болғанымен, кейбір территориялар белсенді дамуға бет алды: Пириней оңтүстігі, Рона- Альпы, Фран-Конте, Овернь, Шампань, Арденна, Париж, Тулуза, Марсель, Сен - Этьен қалалары.

Дәстүрлі өнеркәсіптік секторлар (машина құру, тоқыма, ағаш өңдеу, жиһаз) техникалық жаңалықтарды енгізеді: автоматизация, орау, кадрларды дайындау, жинастыру, ал жаңа өндірістер мультимедиа, микроэлектроника, биотехнология салаларында дамыған.

Францияның экономикалық даму бағдарламасында технополистер жүйесі арқылы жүзеге асырылатын инновациялық бағдарламалар маңызды және Жерорта теңізінің оңтүстік жағалауында қарқынды дамуда, бүгінгі таңда Антиполис, Монпелье, Тулон, Марсель, Моннольс баршаға мәлім кластерлер. Оларды құруда жоғары технология мен іскерлік белсенділіктің негізгі звеносы болатын арнайы мемлекеттік инжинирингтік және ғылыми институттардың ашылуы маңызды фактор болып есептелді. Осы шаралар елдің бәсекеге қабілеттілігін нығайту мақсатына бағытталды және үкіметтің нысаналы қадамдары белгіленген экономикалық стратегиясы пайда болды: экономиканың инновациялық секторын қалыптастыру және дамыту, еңбек рыногын икемділікке келтіру, шетел компанияларымен «жұтылып кету» қаупінен ұлттық капиталды қорғау, жаңа салық саясатын өңдеу және өткізу.

Франция үкіметі елдің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатуға бейімді ірі ұлттық жобаларды жүзеге асыруда ұйымдастырушы, түзетуші және негізгі инвестор болу рөлін атқарды [1].

Корея елінде шағын және орта бизнес субъектілері 3 млн. жуық барлық компанияның 99,5 %-ын құрайды. Оның ішінде шағын кәсіпорындардың үлесі 97 %. Кореяда шағын кәсіпорындар еңбекпен қамтудың маңызды көзі болып саналады, өйткені мұнда елдің экономикалық белсенді тұрғындарының 87 %-ы еңбек етеді (10 млн. адам). Шағын және орта кәсіпорындардың үлесіне елдің ЖІӨ-нің жартысы және Оңтүстік Кореялық экспорттың 43 %-ы тиесілі.

Жаңа инновациялық жобаларды ойластыратын бизнес-инкубаторлар, венчурлық қорлар дамыған. Кластерлердің пайда болуына қосымша мысалдарды келесі кестемен бейнелейміз:

Кесте

Әлемдік кластерлердің құрылуы

Аймақ	Кластер	Құрылған жылы	Инициатор	Тартымдылығы	Дамуы
Ольборг, Дания	Мобильді телекоммуникациялар	1948	SP радио	Теңіз саласы	Өңдеулер, технологиялар, университетпен байланыс
Далпон, Джорджия (АҚШ)	Кілемдер	1918	Craft tufters	Өңдеулер	Автоматтандыру, өңдеудегі бәсекелестер
Кастел Гофредо, Италия	Тоқыма	1923	Ноэмидегі фабрика	Рыноктар	Жабық фабрикалар, жұмысшылар
Иби, Испания	Ойыншықтар	1915	Paуа SCVI Hermanos	Үй	Түрлі өнімдерді өңдеу
Калифорния (АҚШ)	Технология, фармацевтика	1950	Hybritech	Теңіз базасы, климат	өнімдер, венчурлық капитал
Сосоло, Италия	Жұқа қыш	1960	Rubbiani	Балшықты жер	Инновация, бәсекелестер,

Сондай-ақ, шығыс Еуропа елдері өнеркәсіпті кластерлеуді қолдап отырғанын айта аламыз, оның үстіне Венгрия, Словакия, Чехия және Словенияда оны арнайы мемлекеттік бағдарламалармен қорғалуы, оның

жан-жақты тартымдылығын, қарқынды даму, интеграцияны, ашық және айқындылығын қамтамасыз етеді. Бұл жағынан ерекше жетістікке жеткен Венгрия мемлекетінде 75 кластерді, оны дамыту үшін негізгі кластерлер болып саябақ өнеркәсібі табылды. Кластерлік бағдарлама PANAC автокөлік кластерін дамытуға бағытталған, бұнымен қоса ағаш өңдеу, туризм саласы дамуда.

Кластерлеу дамыту аймақтарында, мысалы: Голландиядағы гүл бизнесі, Франциядағы косметика, Швейцариядағы – сағат, Сингапурдағы – мұнай-химияны атап өтуге болады. Осыдан бір жақты және жоғары стандартты кластердің жоқ екендігі туралы қорытындыға келеміз, өйткені кластер әр түрлі мемлекет дамудың әр түрлі деңгейінде және әр текті ресурстар және мүмкіндіктердің болуынан туындайды. Кластерлік үлгілер бір-бірінен ерекшеленеді, алайда бүкіл жерде олар орта және шағын бизнеске, аймақтың дамуына қуатты серпіліс береді.

Осылайша, кластерді құру және дамыту жеткілікті қиын процесс, рынок және инновация жағдайларының өзгеруіне бейімделу жұмыстарымен үнемі айналысуды талап ететіне көз жеткіздік. Кластерлік тәсіл қолданылған елдерде ақпаратты алу және кластерге қатысушылармен тіл табысу нәтижесіне құндылықтар тізбегі шеңберіндегі компаниялар қарым-қатынасы, инновациялық байланыстар, кластердің институционалды детерминанттары, кластердің инновациялық жүйесінде орын болу нәтижелерімен байланысты. Кластерді зерттеудің көп жағдайларында түрлі елдер, өзара байланыстағы компаниялар арасында тізбектік құрылымдардың немесе түрлі жағдайларға сүйенуші өнеркәсіп топтарының болатыны анықталды:

саудадағы өзара байланыс;

инновациялық байланыста;

білім ағымында;

білімнің жалпы базасында немесе жалпы факторлық шарттарда.

Стандартты негізгі нүктесі әр топ үшін, компанияға жабдықтаушылардың жүйесі, тұтынушылар, сәтті инновация процесін жүргізу үшін өнеркәсіп агенттерінің білімдері керек екендігі болжам болып табылады. Көп жағдайда кластерлік тәсілде шектеулерден өту үшін әр түрлі техникалық комбинациясы түрлі деңгейлерде қолданылады.

Сонымен, кластерді дамытудың әлемдік тәжірбиесін зерттей келе, дамыған және дамушы елдерде оларды құру мақсаты мемлекет тарапынан қолдаумен немесе кәсіпорындардың географиялық жақын орналасуынан

пайда болғанын, осы себептен Финляндия, АҚШ, Италия, Германия, Дания тағы басқа мемлекеттерде «өсу нүктесі» немесе экономика «локомотивтеріне» айналғанын көруге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Адрианов Н. Государственный дирижизм во Франции: история и современность // Общество и экономика. – 2005. – № 12. – С. 39-48.
2. Ващук Я.П. Силиконовая долина: история возникновения и роль в инновационном развитии // Теория и практика управления. – 2004. – №5. – С. 3-7.
3. Портер Майкл Э. Конкуренция: Пер с англ. – М.: Издательский дом «Вильямс», 2005. – 608 с.
4. Теоретические основы развития конкурентоспособного бизнеса и направления их реализации на региональном уровне: Отчет о НИР – Астана. – 2005 – 46 с. – Отв. исполн. С.Б. Байзаков.

Поступила 27.03.2013

Канд. геогр. наук К.К. Муздыбаева
Е.Д. Исаков

АНАЛИЗ ИСТОРИИ ВОЗНИКНОВЕНИЯ И МИРОВОГО ОПЫТА КЛАСТЕРНОЙ МОДЕЛИ РАЗВИТИЯ

В статье рассматривается важность экономическо-географического положения и конкурентоспособность предприятий, объединенных в кластер, в условиях рыночной экономики.